

**Мектепке дейінгі ұйымның педагог-психологіне арналған
«Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу - білім беру процесінің сапасын
арттыруда педагог-психологтің кәсіби қызметі»
біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы
(қазақ және орыс тілдерінде)**

1. Жалпы ережелер

«Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу - білім беру процесінің сапасын арттыруда педагог-психологтің кәсіби қызметі» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі саясаттың негізгі бағыттары ретінде педагогикалық процесті педагогикалық-психологиялық жетілдіру мен нормативтік-құқықтық актілердің сапалы жүзеге асырылуын табысты іске асыруға ықпал ететін педагог-психологтың кәсіби-жеке құзыреттерін дамытуға бағытталған.

Бағдарламаның өзектілігі «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі», «Білімді ұлт», «Сапалы білім беру» ұлттық жобаларында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз етуді басты міндет ретінде қарастырады.

Бағдарлама мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бірінші деңгейі отбасы институтын қолдаудың маңыздылығы мен тәрбиелеу-білім беру процесін ұлттық құндылықтар негізінде ұйымдастыру, балаларды ерте дамытудың мазмұнын заманауи педагогикалық, психологиялық теориялармен үйлестіруге бағытталған.

Сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу-білім беру процесінің сапасы мен оның тұрақты дамуы мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық проблемаларды кәсіби тұрғыда шешуге мүмкіндік береді.

«Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу - білім беру процесінің сапасын арттыруда педагог-психологтің кәсіби қызметі» курсының бағдарламасы мектепке дейінгі ұйымдардың педагог-психологінің кәсіби-тұлғалық құзыреттері мен біліктіліктерін көтеруге ықпал етуге бағытталған ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 175 бұйрығына сәйкес әзірленген.

2. Глоссарий

Педагог-психолог – тиісті бейіндер бойынша психологиялық-педагогикалық және (немесе) кәсіптік білімі бар, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және (немесе) психологиялық-педагогикалық қолдау, оның ішінде қосымша білім беруді ұйымдастыру және (немесе) білім беру қызметін ұйымдастыру және (немесе) әдістемелік қамтамасыз ету бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын, сондай-ақ кәсіптік стандартта көрсетілген біліктілік талаптарына сай келетін тұлға.

Құзыреттілік – бұл психологиялық және педагогикалық білім, білік, дағдылар жиынтығы және педагогикалық қызметке деген жеке қатынасы.

Құзыретті – білім деңгейі атқаратын қызметіне жеке көзқарасы, мотивтері, құндылық бағдары мен кәсіби функцияны сәтті орындауға мүмкіндік беретін жеке қасиеттері.

Құзыреттер – белгілі бір саладағы іс-әрекетті тиімді және өнімді орындауға мүмкіндік беретін білім, білік, тұлғалық қасиеттер, тәжірибе жүйесінде көрінетін білімнің нәтижесі.

Кәсіби құзыреттілік – оқу-тәрбие процесінде педагогикалық міндеттерді кәсіби шеше алу қабілеттілігі мен қызметті табысты іске асыруға қажетті кәсіби және жеке қасиеттердің жиынтығы.

Заттық-кеңістіктік дамытушы орта – бұл мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық, эмоционалды, әлеуметтік және интеллектуалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жүйесі.

Процестің сапасы - мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтер нені қалай жасайды, ойынға қанша уақыт бөлінеді, педагог пен балалар арасындағы маңызды өзара әрекет, күтім мен білім күнделікті практикаға қаншалықты кіріктірілген, оның балаға мейірімді және оның қажеттіліктеріне сай келуі, педагогтердің әр баланың отбасымен өзара қарым-қатынасы, ата-аналардың қатысуы және мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогтердің күнделікті практикасы.

Құрылымдық сапа – мектепке дейінгі ұйым дизайны, ішкі заттық-кеңістікті ұйымдастыру, педагогтердің білім деңгейі мен кәсібилігі, жоспар (*ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары, циклограмма, баланың жеке даму картасы*), қаржыландыру, балалар санының педагогтер санына арақатынасы, балалардың жеке ерекшеліктерін ескеру, балалар қауіпсіздігі үшін жағдайлар, аккредиттеу немесе аттестация;

Нәтиженің сапасы – балалар, отбасы, қоғам нақты бір мектепке дейінгі ұйымнан қандай пайда алады, бұл нәтиже балалардың аман-саулығын, балалардың эмоциялық, моральдық, психикалық, психологиялық аман-саулығы мен дамуын, әлеуметтік дағдыларын, болашақ өмірге дайындығын, балалардың денсаулығы мен олардың мектепке дайындығын өлшеуге қалай әсер етеді.

3. Бағдарлама тақырыбы

<p>1-модуль Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидаттары</p>	<p>1.1. Нормативтік құқықтық актілер мен мектепке дейінгі тәрбиелеу - білім берудің негізгі бағыттары мен қағидаттары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; - «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; - «Педагог» кәсіби стандарты. <p>1.2. «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі» (2021) негізінде нормативтік құжаттар.</p>
---	--

	1.3 «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары».
2-модуль Мектепке дейінгі ұйымның заманауи педагог-психологі	1.4 «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары». 2.1 Мектепке дейінгі ұйымның заманауи педагог-психологі кәсіби <i>академиялық (теориялық және қолданбалы білімі)</i> қабілеті: <ul style="list-style-type: none"> - Мектепке дейінгі балалардың даму ерекшеліктері; - Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық, физиологиялық ерекшеліктері; - Баланың даму заңдылықтары мен оның танымдық қызығушылықтарын ескеру; - Мектепке дейінгі ұйымда педагогикалық әдіс-тәсілдер, жаңа технологиялар, ақпараттық коммуникациялық ресурстарды қолдануда психологиялық талаптар; - Мектепке дейінгі ұйым мен мектеп жасына дейінгі балаларды педагогикалық-психологиялық қолдау. 2.2 Мектепке дейінгі ұйымның заманауи педагог-психологі кәсіби <i>перцептивті (сезіну) қабілеті</i> : <ul style="list-style-type: none"> - Баланы дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын психологиялық-педагогикалық талаптарды ескеру; - Баланың түрлі іс-әрекеттерін (<i>ойын, шығармашылық, коммуникативтік, еңбек</i>) ұйымдастыру мен кіріктірудің психологиялық ерекшелігі; - Баланы түрлі іс-әрекеттерін сырттай бақылау мен оны талдау әдістері; - Құпия бұрыштардың маңызы мен олардың балаларға әсері; - Баланың іс-әрекет түрлерін таңдауын белсендіру әдістері; - Балаға іс-әрекеттерде серіктесті таңдауға ықпал ету әдістері. 2.3 Мектепке дейінгі ұйымның заманауи педагог-психологі кәсібіндегі <i>әлеуметтік-педагогикалық қабілеті</i> : <ul style="list-style-type: none"> - «<i>Бала мен ата-ана қарым-қатынасы</i>» бойынша ата-аналармен ағарту жұмыстарын ұйымдастыру және оларға кеңес беру; - Ата-аналарға мектепке дейінгі ұйымнан тыс, үй жағдайында балаларды әлеуметтендіру әдістерін ұсыну; - Балалардың қауіпсіздігі, қызығушылықтары мен құқықтарын қорғау туралы ағарту жұмыстары мен оларға кеңес беру.

	<p>Практика: Ата-аналармен тренинг өткізу және кеңес беру рөлдік ойындары.</p> <p>2.4 Мектепке дейінгі ұйымның заманауи педагог-психологі кәсібіндегі әлеуметтік-психологиялық қабілеті:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Педагогтерді психологиялық сүйемелдеу. - Педагогикалық конфликт және оны шешу жолдары; - Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларына сәйкес жүргізілетін жұмыстар (<i>ҚР БҒМ 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы</i>); - Стрессті басқару және кәсіби шаршаудың алдын алу. <p>Практика: Өзін-өзі басқару мен кәсіби дамуға арналған жеке жоспар құру.</p> <p>2.5 Педагог-психологтің зерттеу деонтологиясы (мәдениеті):</p> <ul style="list-style-type: none"> - Мектепке дейінгі ұйымның күнделікті жұмысындағы педагогикалық бақылау жұмыстарына қолдау көрсету; - Мониторингті ұйымдастыру мен жүргізу. <p>2.6. Мектепке дейінгі ұйымның заманауи педагог-психологтерінің арнайы қабілеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Өзін-өзі дамыту жоспары; - Портфолио; - «Үздік педагог» байқауына қатысу; - Авторлық бағдарлама әзірлеу; - Мектепке дейінгі ұйымдағы авторлық бағдарламаларды апробациядан өткізу (<i>педагогикалық эксперимент</i>); - «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары» (<i>ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы</i>).
<p>3-модуль Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық және физиологиялық</p>	<p>3.1. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес психологиялық дамуы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балалардың жас ерекшеліктері мен даму кезеңдері. - Эмоционалдық және когнитивтік даму ерекшеліктері. - Қызығушылық, мотивация және мінез-құлықты басқару. <p>Практика: Балалардың мінез-құлық және эмоцияларын бақылау, психологиялық даму диагностикасы.</p>

<p>ерекшеліктерін зерттеу.</p>	<p>3.2. Балаларға психологиялық диагностика жүргізу үшін тиімді әдістерді үйрету.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Диагностикалық құралдар (тесттер, сауалнамалар, әдістер). - Жас ерекшеліктеріне сәйкес диагностика тәсілдері. - Диагностика нәтижелерін интерпретациялау және қолдану. <p>Практика: Диагностикалық әдістемелерді қолдану бойынша жаттығулар.</p> <p>3.3 Балалардың тұлғалық және эмоционалдық даму мәселелерін түзету әдістерін меңгеру.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Психокоррекциялық ойындар мен жаттығулар. - Арт-терапия, құм терапиясы және ертегі терапиясы әдістері. - Қиын (<i>педагогикалық назардан тыс қалған</i>) балалармен жұмыс ерекшеліктері. <p>Практика: Дамытушы және түзетуші бағдарламаларды әзірлеу.</p>
<p>4.Модуль Вариативті мазмұн</p>	<p>4.1. Тыңдаушылардың сапалық құрамын және олардың кәсіби сұраныстарын ескере отырып, бағдарлама мазмұнын саралау. Тыңдаушылардың қиындықтары мен мәселелерін талдау, туындаған мәселелерді шешу үшін тақырыптар ұсыну</p> <p>Вариативтік мазмұн бойынша ұсынылады:</p> <p>Тақырып №1 Жасанды интеллект.</p> <p>Тақырып №2 Балалар қауіпсіздігі.</p> <p>Тақырып №1 Буллинг.</p> <p>4.2. Мектепке дейінгі ұйым педагог-психологінің кәсіби құзыреттілігін өзін-өзі бағалауы.</p>

Бағдарламада қарастырылатын жаңашылдық деңгейі бойынша курс бағдарламасын әзірлеуде әлемдік (*мультидисциплинарлық, трансдисциплинарлық, пәнаралық байланыс, балаға бағдарланған оқу мен тәрбие*), ұлттық (*рухани жаңғыру, тәрбие мен оқудың сапасын қамтамасыз ету*) трендтер мен халықаралық тәжірибе ескерілген.

Бағдарламада қамтылған:

- нормативтік-құқықтық актілер туралы жүйелі түсініктерге негізделген мектепке дейінгі ұйымдардың педагог-психологінің кәсіби құзыреттілігін арттырудың теориялық негіздері айқындалды;

- мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу - білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін педагог-психологтердің кәсіби біліктері мен дағдыларын арттыру айқындалды;

- мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық және физиологиялық

ерекшеліктерін зерттеуге сүйене отырып, мінез-құлқы мен дамуын зерделеу арқылы кеңестер беру, тұлғалық эмоционалды ерекшелігін диагностикалау, дамытушы және түзетуші бағдарламаларды әзірлеу арқылы мамандардың іскерлігі жетілдірілді;

- курс міндеттерін шешу тыңдаушылардың сапалық құрамын және олардың кәсіби сұраныстарын ескере отырып, бағдарлама мазмұнын саралау үшін тақырыптар ұсыну арқылы («Жасанды интеллект», «Балалар қауіпсіздігі», «Буллинг») қалыптасқан құзыреттіліктерді қолдануға педагогтердің дайындығын күшейтумен анықталады.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты - мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу - білім беру процесінің сапасын арттыруға ықпал ететін заманауи психологиялық әдістер мен технологияларды үйрету, балалармен, ата-аналармен және әріптестермен тиімді әдістер арқылы мектепке дейінгі ұйым педагог-психологінің кәсіби құзыреттіліктерін көтеру болып табылады.

Бағдарламаның міндеттері:

1. Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу - білім беру процесінің сапасын арттыруда нормативтік құқықтық актілер туралы жүйелі түсінік беру;

2. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру контекстінде мектепке дейінгі ұйым педагог-психологінің кәсіби шеберлігін арттыру;

3. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес психологиялық қолдау көрсету, ұжымда ата-аналармен және әріптестермен ынтымақтастық орнату тәсілдерін жетілдіру, стресс-менеджмент пен кәсіби шаршаудың алдын алу әдістерін үйрету арқылы мектепке дейінгі ұйым жұмысының сапасын қамтамасыз ету үшін педагог-психологтердің біліктілігін арттыру.

4. Үлгілік оқу бағдарлама негізінде педагогтің вариативтік бағдарлама әзірлеуі арқылы қызығушылығына қажет дағдыларын дамыту.

Курсты аяқтағаннан кейін тыңдаушылар: мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі негізгі нормативтік-құқықтық актілерді біледі;

1) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың сапасын қамтамасыз ету үшін *академиялық, перцептивті, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық, зерттеу деонтологиясы (мәдениеті), арнайы* құзіреттіліктерін дамыту арқылы кәсіби құзіреттіліктерін дамытады;

2) мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін зерттеудің заманауи әдістері арқылы тәрбиелеу-білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету кәсіби дағдыларын меңгереді;

3) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың міндеттерін шешу үшін қалыптасқан құзыреттілікті қолдануға дайындығын көрсетеді.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарлама 4 модульден тұрады:

1-модуль «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесіндегі

мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидаттары»;

2-модуль «Мектепке дейінгі ұйымның заманауи педагог-психологі»;

3-модуль «Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін зерттеу»;

4-модуль «Вариативтік мазмұн».

1 - модуль. «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидаттары».

1.Модульдің өзектілігі.

Модуль тыңдаушыларға нормативтік-құқықтық актілермен бекітілген мектепке дейінгі білім беру жүйесінде мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидаларымен танысуды ұсынады.

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі білім беру саясатының басым бағыттары ретінде педагогикалық процесті педагогикалық-психологиялық жетілдіру мен нормативтік-құқықтық актілердің сапалы жүзеге асырылуын табысты іске асыруға ықпал ететін педагог-психологтің кәсіби-жеке құзыреттері «Педагог» кәсіби стандартының талаптарына сай кәсіби-жеке құзыреттілік деңгейі көтеріледі.

2.Модульдің міндеттері:

1) Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыруда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың заманауи жүйесін дамытудың басым бағыттарын айқындау;

2) мектепке дейінгі ұйым педагог-психологінің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді зерделеу.

3. Күтілетін нәтижелер:

Курс соңында модуль бойынша тыңдаушылар:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін дамытудың басым бағыттарын түсінеді;

2) «Педагог» кәсіби стандартының талаптарына сәйкес педагогтің кәсіби-жеке құзыреттілігі артады.

2-модуль «Мектепке дейінгі ұйымның заманауи педагог-психологі»;

1.Модульдің өзектілігі

Модульдің мазмұны тыңдаушыларға мектепке дейінгі білім беру педагог-психологінің қазіргі кәсіби қызметінің шарттары туралы түсініктерін кеңейтуге, шетелдік және отандық тәжірибе негізінде ерте және мектепке дейінгі жастағы заманауи теорияларды зерделеуге бағыттайды.

Модуль мектепке дейінгі тәрбиелеу - білім беру процесінің сапасын арттыру үшін кәсіптік қызметке қажет қабілеттерін: (академиялық, перцептивтік, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық, зерттеу деонтологиясын (мәдениетін) нақтылау, мектепке дейінгі ұйым педагог-психологінің арнайы білігін көтеруге және практикалық жұмыстар арқылы бекітуге бағытталған.

2.Модульдің міндеттері:

1) шетелдік және отандық тәжірибе негізінде заманауи мектепке дейінгі

білім беру педагог-психологінің кәсіби қызметі туралы түсініктерді кеңейту;
2) педагог-психологтің кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін көзқарасты қалыптастыру.

3.Күтілетін нәтижелер

Курс соңында модуль бойынша білім алушылар:

1) мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу - білім беру процесінде қолданады;

2) кәсіби қызметте академиялық, перцептивтік, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық, зерттеу деонтологиясын (мәдениетін), арнайы қабілеттерді қолдана алады және кәсіби педагогикалық міндеттерді шешу үшін алған құзыреттерін көрсете алады.

3-модуль «Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін зерттеу»

1. Модульдің өзектілігі

Модульдің мазмұны тыңдаушылардың шетелдік және отандық тәжірибе негізінде ерте және мектеп жасына дейінгі түрлі балалар әрекеттері арқылы дамыту шарттары туралы идеяларды кеңейтуге бағытталады.

- Модуль мазмұны балалардың белсенді қызығушылығын анықтау (мотивация және шоғырлану);

- балалардың түрлі әрекеттерде дербестік танытуын анықтау және олардың оқуына белгілі бір бақылауды қалыптастыру әдістемесі (дербестік);

- балалардың білім беру ортасындағы қауіпсіздік деңгейін анықтау (сенімділік және әл-ауқат) әдісін игеруге және іс жүзінде қолдануға бағытталған;

- балалардың әлеуметтік өзара қарым-қатынас деңгейін (коммуникация дәрежесін) және басқалармен қарым-қатынас жасауды, даму деңгейін диагностикалауға үйрету әдісін (әлеуметтік өзара әрекет және құрмет) айқындау;

- балалардың әлеуметтік дағдылар мен білімдерді тұтас игеру әдісі мен алған дағдыларын айқындау (дағдыларды игеру);

- балалардың метакогнитивтік ойлау дағдыларын дамыту әдісі мен жүйелі ойлауын айқындау (жоғары тәртіптегі ойлау дағдылары).

2.Модуль міндеттері:

1) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы білім сапасын кешенді бағалауға арналған механизмдері; білім беру ортасы; диагностикалау, кеңес беру, коррекциялау әдістердің педагогикалық мәні мен бала дамуын кешенді бағалаудың сенімділігі мен жарамдылығы; педагогикалық процестің сапасын қамтамасыз етудің шарттары мен әдістері;

2) мектепке дейінгі ұйымдардың педагог-психологінің кәсіби сапасын қамтамасыз етуде өз құзыреттілігін бағалауды дамытады.

3. Күтілетін нәтижелер

Курс соңында модуль бойынша білім алушылар:

1) мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиелеу - білім беру сапасын кешенді бағалау үшін балалардың даму ерекшеліктерін диагностикалау, кеңес беру, коррекциялау әдістерін игереді және олардың мектепке дейінгі ұйымның сапасын көтеруге қолданады;

2) психологиялық теорияларды педагогикалық міндеттерді шешу үшін диагностикалау әдістердің нәтижелерін пайдалануға дайын екендіктерін көрсетеді.

4-модуль Вариативтік мазмұн

1. Модульдің өзектілігі

Модуль тыңдаушылардың жеке білім беру бағытын құруына жағдай жасайды, оның құрамдас бөлігі ұйымдастырылған іс-әрекет аясында оның кәсіби сұраныстары мен еркіндігін қанағаттандыратын вариативтік тақырып болады. Сондай-ақ, модуль рефлексиялық-диагностикалық кезеңді қамтиды.

2. Модульдің міндеттері:

1) тыңдаушылардың кәсіби қызметіндегі мәселелерді анықтау;
2) білім беру бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін диагностикалау, кеңес беру қызығушылығына сәйкес тақырыптарды зерделеуге ұсыну, өзін-өзі бағалау.

3. Күтілетін нәтижелер

Курс соңында модуль бойынша білім алушылар:

1) кәсіби қызметтегі мәселелерді көрсетеді.

2) білім беру бағдарламасының мазмұнын игеру деңгейін бағалайды.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Курс оқу-тақырыптық жоспарына (бұдан әрі – ОТЖ) сәйкес біліктілікті арттыру курсы дәстүрлі-офлайн, қашықтан-онлайн түрде күндізгі оқу режимінде ұйымдастырылады, ұзақтығы 72 сағатты құрайды.

Білім беру процесі мыналарды қамтиды:

* Теориялық және практикалық жұмыс;

* Жобаны қорғау;

* Қорытынды тестілеу.

Қашықтықтан оқыту форматында практикалық сабақтардың бір бөлігі өзіндік жұмыспен ауыстырылады.

Тыңдаушылардың білімін тексеру үшін тест тапсырмалары, жобалау жұмыстарының тақырыптары және оларды орындауға арналған тапсырмалар жаттықтырушылардың түсіндірмелері арқылы ұсынылады.

Курс оқытудың белсенді және интерактивті әдістерін қамтиды:

- жоба-технологиясы,
- баскет-әдісі (проблемалық имитациялау),
- практикалық жұмыс, көшпелі-практикалық сабақтар, тренингтер, мастер-класс, конференция, дөңгелек үстелдер, рөлдік ойындар,

бейнефильмдерді талқылау, мәселелерді бірлесіп шешу, эссе, тестілеу, тыңдаушыны өз бетінше оқыту, электрондық интерактивті практикум арқылы жүзеге асырылады.

Тыңдаушыларға өткен материалды зерделеу мен бекіту үшін курс материалдары беріледі.

Курс соңында кері байланыс ретінде тыңдаушылардың жеке құзыреттілігінің қалыптасуын анықтау үшін профессорлық-оқытушылық құрам игерген білім деңгейін бағалау критерийлері мен өлшемдерін ұсынады. Ол ОӘК құрамына енгізіледі.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Бағдарламаны іске асырудың ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары мен дидактикалық тәсілдері.

Оқытуды құру принциптері:

- жүйелі оқыту;
- оқытудың интерактивтілігі;
- оқыту мазмұнының мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту саласындағы өзекті мәселелерге сәйкестігі;
- оқу материалдарында мазмұндық динамикасының ескерілуі, бірізділігі;
- курстың тәжірибеге бағдарлануы;
- оқу материалдарының педагогикалық қызметпен байланыстылығы;
- курс мазмұнының тыңдаушыға бағдарлануы.

Бағдарламаны іске асыруда қолданылатын білім беру технологиялары:

- оқытуда проблемалық әдістерді қолдану (проблемалық ситуацияларды шешу, нақты жағдаяттарға бағытталған шығармашылық тапсырмаларды орындау);

- оқытудың әртүрлі формаларының үйлесуі (аудиториялық теориялық және практикалық сабақтар, мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық процесіндегі дуальдық оқыту);

- даму дәрежесінің біліктілігін анықтайтын бағалау материалдарын пайдалану (қорытынды тапсырманың орындалуын бағалау критерийлерін сипаттау үшін айдарды пайдалану);

- оқыту барысында тыңдаушыларды өзара байланысты оқыту, әдістемелік және оқытушылық қызметке бағдарлау (шағын топтардағы жұмыс, «ой талқысы/ миға шабуыл», жұмыс нәтижелерін көпшілік алдында қорғау, кластерлер, менталды карталар әзірлеу).

Оқытудың әдістемелік құралдары:

1) оқу-әдістемелік материалдар (оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер, практикумдар, мерзімді басылымдар, үлестірме материалдар, нормативтік құжаттама және т.б.);

2) оқу процесінде мынадай әдістер қолданылады:

- шағын топтарда жұмыс істеу;
- талқылау;
- жағдаяттарды шешу;

- «миға шабуыл»;
- жұмыс нәтижелерін көпшілік алдында таныстыру;
- шығармашылық тапсырмалар беріледі.

Оқу курсының оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтың тақырыбы	Теориялық сабақтар	Практикалық сабақтар	Жобаны қорғау	Тестілеу/Сауалнама	Барлығы
1-модуль Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидаттары						
1	<p>1.1. Нормативтік құқықтық актілер мен мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім берудің негізгі бағыттары мен қағидаттары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; - «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; - «Педагог» кәсіби стандарты. <p>1.2. «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі» (2021) негізінде нормативтік құжаттар.</p> <p>1.3 «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары».</p> <p>1.4 «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары».</p>	6				6
2-модуль Мектепке дейінгі ұйымның заманауи педагог-психологі		12	12			24
2.1	<p>Мектепке дейінгі ұйымның заманауи педагог-психологі кәсіби <i>академиялық (теориялық және қолданбалы білімі)</i> қабілеті:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Мектепке дейінгі балалардың даму ерекшеліктері; - Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық, физиологиялық ерекшеліктері; - Баланың даму заңдылықтары мен оның танымдық қызығушылықтарын есепке алу; - Мектепке дейінгі ұйымда педагогикалық әдіс-тәсілдер, жаңа технологиялар, ақпараттық коммуникациялық ресурстарды қолдануға психологиялық талаптар; <p>Мектепке дейінгі ұйым мен мектеп жасына дейінгі балаларды педагогикалық-психологиялық қолдау.</p>	2	2			4

2.2	<p>Мектепке дейінгі ұйымның заманауи педагог-психологі кәсіби перцептивті (сезіну) қабілеті:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Баланы дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын педагогикалық-психологиялық талаптарды ескеру; - Баланың түрлі іс-әрекеттерін (<i>ойын, шығармашылық, коммуникативтік, еңбек</i>) ұйымдастыру мен кіріктірудің психологиялық ерекшелігі; - Баланы түрлі іс-әрекеттерінде сырттай бақылау мен оны талдау әдістері; - Құпия бұрыштарының мәні мен ондағы балаларға әсер ету әдістері; - Баланың іс-әрекет түрлерін таңдауын белсендіру әдістері; <p>Балаға іс-әрекеттерде серіктесті таңдауға ықпал ету әдістері..</p>	2	2		4
2.3	<p>Мектепке дейінгі ұйымның заманауи педагог-психологі кәсібіндегі әлеуметтік-педагогикалық қабілеті:</p> <ul style="list-style-type: none"> - «Бала мен ата-ана қарым-қатынасы» бойынша ата-аналармен ағарту жұмыстарын ұйымдастыру және оларға кеңес беру; - Ата-аналарға мектепке дейінгі ұйымнан тыс, үй жағдайында балаларды әлеуметтендіру әдістерін ұсыну; - Балалардың қауіпсіздігі, қызығушылықтары мен құқықтарын қорғау туралы ағарту жұмыстары мен оларға кеңес беру. <p>Практика: Ата-аналармен тренинг өткізу және кеңес беру, рөлдік ойындар.</p>	2	2		4
2.4	<p>Мектепке дейінгі ұйымның заманауи педагог-психологі кәсібіндегі әлеуметтік-психологиялық қабілеті:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Педагогтерді психологиялық сүйемелдеу. - Педагогикалық конфликт және оны шешу жолдары; - Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларына сәйкес жұмыстар (<i>ҚР БҒМ 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы</i>); - Стресс-менеджмент және кәсіби шаршаудың алдын алу. <p>Практика: Өзін-өзі басқару мен кәсіби дамуға арналған жеке жоспар құру.</p>	2	2		4
2.5	<p>Педагог-психологтің зерттеу деонтологиясы (мәдениеті):</p> <ul style="list-style-type: none"> - Мектепке дейінгі ұйымның күнделікті 	2	2		4

	жұмысындағы педагогикалық бақылау жұмыстарына қолдау көрсету; - Мониторингті ұйымдастыру және жүргізу.					
2.6	Мектепке дейінгі ұйымның заманауи педагог-психологтерінің арнайы қабілеттері: - <i>Өзін-өзі дамыту жоспары;</i> - <i>Портфолио;</i> - <i>«Үздік педагог» конкурсына қатысу;</i> - <i>Авторлық бағдарлама әзірлеу;</i> - <i>Мектепке дейінгі ұйымдағы авторлық бағдарламаларды апробациядан өткізу (педагогикалық эксперимент);</i> - <i>«Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары».</i>	2	2			4
	3-модуль Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін зерделеу.	12	18			30
3.1	3.1. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес психологиялық дамуы: - Балалардың жас ерекшеліктері мен даму кезеңдері. - Эмоционалдық және когнитивтік даму ерекшеліктері. - Қызығушылық, мотивация және мінез-құлықты басқару. Практика: Балалардың мінез-құлық және эмоцияларын бақылау, психологиялық даму диагностикасы.	4	6			10
3.2	3.2. Балаларға психологиялық диагностика жүргізу үшін тиімді әдістерді үйрету. - Диагностикалық құралдар (тесттер, сауалнамалар, әдістер). - Жас ерекшеліктеріне сәйкес диагностика тәсілдері. - Диагностика нәтижелерін интерпретациялау және қолдану. Практика: Диагностикалық әдістемелерді қолдану бойынша жаттығулар.	4	6			10
3.3	3.3 Балалардың тұлғалық және эмоционалдық даму мәселелерін түзету әдістерін меңгеру. - Психокоррекциялық ойындар мен жаттығулар. - Арт-терапия, құм терапиясы және ертегі терапиясы әдістері. - Қиын балалармен жұмыстың ерекшеліктері. Практика: Дамытушы және түзетуші бағдарламаларды әзірлеу.	4	6			10
	4-модуль Вариативтік мазмұн		5		2	6

4.1	Тыңдаушылардың сапалық құрамын және олардың кәсіби сұраныстарын ескере отырып, бағдарлама мазмұнын саралау. Тыңдаушылардың қиындықтары мен мәселелерін талдау үшін кіру сауалнамасын ұсыну, сонымен қатар, мына тақырыптарды ұсыну. Вариативтік мазмұн бойынша ұсынылады: Тақырып №1 Жасанды интеллект. Тақырып №2 Балалар қауіпсіздігі. Тақырып №1 Буллинг.		4		1	1
4.2	Мектепке дейінгі ұйым педагог-психологтерінің кәсіби құзыреттілігін өзін-өзі бағалау үшін шығу сауалнамасын ұйымдастыру.		1		1	1
5	Тестілеу (кіру, шығу)				2	2
6	Жоба қорғау			4		4
	Барлығы:	30	34	4	4	72

Ескерту: 1 академиялық сағат - 45 минут.

8. Оқыту нәтижелерін бағалау

Бағдарлама бойынша қорытынды сертификаттау жобаны қорғау, өзіндік жұмыс, тестілеу түрінде жүзеге асырылады.

Өзіндік жұмыс (практикум)

Өздік жұмыс барысында білім алушылар ерте және мектеп жасына дейінгі балалардың ойын әрекеттерін жоспарлады, ұйымдастыруды және талдауды қамтитын жеке тапсырманы орындайды.

Өзіндік жұмысты бағалау критерийлері

- 1) орындалмады - 0 балл;
- 2) ішінара орындалды -1 балл;
- 3) толық орындалды – 2 балл.

Ерте және мектеп жасына дейінгі балалардың ойын әрекетін талдаудың диагностикалық құралдарын игеру деңгейін анықтау үшін келесі параметрлер қолданылады:

- 1) оқытылатын модуль бойынша оқу материалының мазмұнын меңгеру;
- 2) балалардың ойын әрекетін ұйымдастыру және жүргізу алгоритмін практикалық қолдану;
- 3) балалардың ойын әрекетінің көрсеткіштері, өлшемдері, индикаторлары жүйесін меңгеру;
- 4) балалардың ойын әрекеттерін талдау;
- 5) қорытынды жасай білу.

Өздік жұмысты орындау бойынша тыңдаушылардың білімін бағалау балдарды бес балдық жүйеге ауыстыру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) «Өте жақсы» - 9-10 балл (85-100%);
- 2) «Жақсы» - 7-8 балл (75-84%);
- 3) «Қанағаттанарлық» - 5-6 балл (50 - 74%).

Жобаның құрылымы

Бір жобалық тақырыпта 4-5 білім алушылардан тұратын топ жұмыс істейді. Әр топ өз жобасын дайындайды.

Жоба келесі құрылымдық элементтерден тұрады:

1) титулдық бет (ұйымның атауы, әзірлеушінің Т.А. Ә., жылы, қаласы көрсетіледі).

2) мазмұны (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, қосымша).

3) кіріспе (таңдалған тақырыптың өзектілігіне негіздеме, жұмыстың мақсаты мен міндеттері, негізгі мәселенің тұжырымдамасы мен қысқаша сипаттамасы беріледі).

4) негізгі бөлім (кіріспеде қойылған мәселе ашылады; дереккөздер мен қолда бар тиімді практика материалдарында жобаның идеясы жазылады; жобаны іске асырудың әрекеттері (кезеңдері) жоспарланады; жобаны және оның болашақта дамытушы, оқыту, қалыптастырушы әсерін бағалау өлшемшарттары, көрсеткіштері, индикаторлары айқындалады).

5) қорытынды (жобаның тәуекелдері жазылады, жинақталған қорытындылар жасалады немесе Жобаны қолдану жөнінде практикалық ұсынымдар беріледі).

6) Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

7) қосымшалар (қажет болған жағдайда).

8) слайд түріндегі презентация.

Жобаны бағалау критерийлері:

1) Зерттеу мәселесін тұжырымдау.

2) Қойылған мәселелердің, мақсаттар мен міндеттердің жоба тақырыбына сәйкестігі.

3) Жобада инновациялық тәсілдерді қолдану, жаңашылдық.

4) Іске асыру кезеңдерінің қисындылығы, жүйелілігі және толықтығы.

5) Педагогикалық мәселелерді шешуде ойынды қолданудың мақсаты.

6) Жобаны жүзеге асыру перспективалары.

Жобаның бағалау парағы

	Критерийлер	Балдар	Пікірлер
1	Зерттеу мәселесін тұжырымдау		
2	Қойылған мәселелердің, мақсаттар мен міндеттердің жоба тақырыбына сәйкестігі		
3	Жобада инновациялық тәсілдерді қолдану, жаңашылдық		
4	Іске асыру кезеңдерінің қисындылығы, жүйелілігі және толықтығы		
5	Педагогикалық мәселелерді шешуде ойынды қолданудың мақсаты		
6	Жобаны жүзеге асыру перспективалары		

Ұпай саны		
-----------	--	--

Жобалық жұмыстың презентацияын бағалау үшін келесі критерийлер бөлінеді:

0 балл-іске асырылмады;

1 балл – ішінара іске асырылды;

2 балл-толығымен орындалды.

Жоба бойынша ең жоғарғы балл саны-12 балл.

Жұмыс үшін балл сомасын дәстүрлі бағалау нормаларына келесі сызба бойынша ауыстыру ұсынылады:

«5» (өте жақсы) бағасы 11-12 балл сомасына қойылады.

«4» (жақсы) бағасы 8-10 балл сомасына сәйкес келеді.

«3» (қанағаттанарлық) бағасы 6-7 балл сомасына сәйкес келеді.

Қорытынды тестілеу

№	Модульдердің атауы	Сағат саны	Сұрақтар саны
1	1-модуль Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидағтары	6	8
2	2-модуль Мектепке дейінгі ұйымның заманауи педагог-психологі	24	12
3	3-модуль Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін зерттеу.	30	15
4	4-модуль Вариативтік мазмұн	6	5
	Барлығы	66	40

Балдарды бағаларға ауыстыру шкаласы

бағалау	орындау % көлемі	балдар
5	90%-100%	29-35
4	75-89%	23-28
3	50-74%	15-22
2	50-ден кем%	20 ұпайдан кем

9. Курстан кейінгі сүйемелдеу

Біліктілікті арттыру процесінде алған білімдер мен дағдыларды педагогикалық тәжірибеде қолдану педагогтер мен әдіскерлерге әдістемелік қолдауды қажет етеді.

Курстан кейінгі қолдаудың формалары мен тәсілдері:

Ақпараттық қамтамасыз ету:

1. Электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желі мессенджерлер (WhatsApp, Facebook), Google қызметтері (Duo, Hangouts);
2. Аймақтардағы мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің желілік әдістемелік бірлестігі.

Ресурстық қамтамасыз ету:

1. Курс бойынша электронды материалдар (оқу-әдістемелік құралдар, анықтамалық материалдар, интернет көздеріне сілтемелер, *Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты» РММ <http://irrd.kz> сайты*).

Біліктілікті арттыру траекториясын жүзеге асыру:

1. Педагогикалық кейс құру;
2. Педагогтердің *Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» ұйымдастыратын республикалық конкурстарға қатысуы* (ұсынылған конкурс Ережелері *Институттың <http://irrd.kz> сайтында орналастырылған*).
3. Курс тақырыбы бойынша «Дана бала» республикалық ғылыми-ақпараттық әдістемелік журналында педагогтер мен әдіскерлердің мақалаларын жариялау.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (24.11.2021 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен).
2. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI Заңы (03.05.2022 ж. өзгерістер мен толықтырулармен).
3. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 бұйрығы).
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР ОАМ 03.08.2022ж. №348 бұйрығы).
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (ҚР ОАМ 09.09.2022ж. №394 бұйрығы).
6. Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары (ҚР ОАМ 07.06.2022ж. №265 бұйрығы).
7. Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға және мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидалары (ҚР ОАМ 27.08.2022ж. №381 бұйрығы).
8. Тәрбиешілердің міндетті құжаттардың тізбесі (ҚР ОАМ №382 бұйрығы 27.08.2022ж).

9. Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық (ҚР БҒМ №292 бұйрығы 23.06.2022ж).

10. Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР БҒМ №385 бұйрығы 31.08.2022ж).

11. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидалары. ҚР Оқу-ағарту министрінің 28.08.2022 ж. №157 бұйрығы.

12. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары. Астана, 2018 – 116 б.

13. Игра в жизни дошкольника /Н. В. Нищева. – М.: Детство Пресс, 2020 – 240 с.

14. Кравцов Г.Г., Кравцова Е.Е. Психология игры (культурно-исторический подход). – М., 2017. – 331 с.

15. Смирнова Е.О. Психология и педагогика игры: учебник и практикум для академического бакалавриата / Е. О. Смирнова, И. А. Рябкова. — Москва: Издательство Юрайт, 2019. — 223 с.

16. Современные технологии дошкольного образования/ Андрианова Е., Богомолова М., Гришина А., Дормидонтова Л. и др. – М.: НИЦ ИНФРА, 2021 – 251 с.

17. Современный детский сад. Каким он должен быть/Под.ред. О.А. Шиян – М.: Мозаика-Синтез, 2019 – 312 с.

Қосымша әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» РММ <http://irrd.kz/>.

2. ECERS-3 шкалаларын қолдана отырып, мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру ортасының сапасын бағалау бойынша әдіскерлер мен педагогтерге арналған әдістемелік ұсынымдар, – Нұр-Сұлтан, 2022 - 37 бет.

3. «Reggio Emilia» Философия среды и отношений Электронный доступ: <https://krugovaya.blogspot.com/2018/12/reggio-emilia.html>;

4. ECERS-3. Шкалы для комплексной оценки качества образования в дошкольных образовательных организациях: переработанное издание/ Тельма Хармс, Ричард М. Клиффорд, Дебби Крайер – М.: Издательство «Национальное образование», 2019. – 112 с.;

5. Проектирование предметно-пространственной развивающей среды дошкольной организации/сост.: Ибрагимова Г.К. – Караганды, 2019 – 32 с.